



## ӘСКЕРИ-ӘУЕ КҮШТЕРІ ЖАҢА ҰШАҚТЫ СЫНАҚТАН ӨТКІЗДІ

Қазақстанның Әскери-әуе күштері жаңа А-400М ұшағын игеру және ұшуды жетілдіру бойынша қарқынды жаттығулар өткізуде. Бұл ұшақ еуропалық Airbus Military авиаконцернінен Қазақстан әскерінің қажеттіліктері үшін жеткізілген жаңа буын әуе кемелерінің қатарында.

Қазақстан Қорғаныс министрлігі мен еуропалық компания арасындағы келісімшарт тек ұшақ жеткізумен шектелмей, ұшу және инженерлік персоналдарды оқыту, сондай-ақ техникалық қолдау көрсету шараларын да қамтиды. Осы орайда, алғашқы ұшу оқу-жаттығулары Алматы авиациялық базасында Airbus Military мамандарының қатысуымен жүзеге асырылды. Әскери экипаж Алматы-Талдықорған бағыты бойынша және кері қайту маршрутында ұшу жаттығуларын орындады.

Қазақстан Республикасының Қарулы күштері мен десантты-шабуылдау әскерлері басқармасы әуе-десанттық дайындық бөлімінің аға офицері, подполковник Руслан Берікұлы Шажалиев, А-400М ұшағының Қазақстан қарулы күштері үшін стратегиялық маңызын атап өтті:

– Бұл ұшақ ең алдымен Қазақстан Республикасының қарулы күштеріне арналған, себебі заманауи қарулы күштерге жедел әрі тиімді шешім қабылдайтын құралдар қажет. А-400М ұшағының жүк көтеру қабілеті жоғары және жеке құрамды десант әдісімен немесе қону әдісімен тасымалдауға мүмкіндік береді. Мәселен, бір уақытта 120 десантты тасымалдай алады. Сонымен қатар, бұл ұшақ әртүрлі техника мен қару-жарақты, оның ішінде шағын және шектеулі алаңдарда қажетті жүктемелерді тасымалдауға қабілетті. Оның ең үлкен артықшылығы – арнайы дайындалған ұшу-қону жолағын талап етпейді.

Ұшақ ұзындығы небары 900 метр болатын топырақ немесе дайындалған алаңдарда да ұша алады. Осыған байланысты біз бұл ұшаққа десантты-шабуылдау әскерлерінде қолданылатын парашют жүйелерін бейімдеу жұмыстарын бастадық, – дейді.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# XXXII Қысқы Универсиада: ҚАЗАҚСТАН АЗИЯДАҒЫ ҮЗДІК ҮШТІККЕ ЕНДІ



Қазақстан Италияда өткен XXXII Қысқы Универсиада ойындарында Азия құрлығынан Корея мен Жапониядан кейінгі үздік үштікке кірді.

## МІНБЕР

# ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫ ҚҰРЫЛМАҚ

Бұл тіліміздің барлық стилдері мен жанрларының мәтіндерін қамтып, оларды өңдеу, генерациялау және талдау үшін жасанды нейрондық желіге негізделген тіліміздің сөздік қорына қолжетімділікті қамтамасыз ететін ақпараттық-танымдық жүйе болмақ. Жоба толық іске асса, Терминкомның тізімін теріп, сөздіктер ақтарып отырмайсыз, ұлттық сөздік қор қазақ тілінің бас анықтамалығы сияқты болады. Бұл қазақ тілінің бай лексикалық құрамын жүйелеуге, сақтауға, зерттеуге мүмкіндік береді және цифрлық ортада қолданылу аясын ерекше арттырады.

Парламент Сенатының жалпы отырысында мақұлданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның негізгі жаңалығы осы болып отыр.

Бұл құжат Сенат депутаттарының бастамашылығымен дайындалыпты. Жиында құжатты қорғаған сенатор Алтынбек Нұқұлының айтуынша, аталмыш түзетулер, қазақ тілін

мәдени құндылық ретінде әрі қарай дамытуға мүмкіндік беріп, мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін нығайтады. Ал, заңның бастамашыларының бірі сенатор Әсем Рахметованың айтуынша, Ұлттық сөздік қор мен Ұлттық тіл корпусының құрылуы арқасында лексикалық қор жүйеленетін болады. Жасанды интеллект негізінде қазақ тілінің үлкен тілдік моделі (LLM) әзірленіп, мұнымен айналысатын арнайы ұйым белгіленеді. Бүгінгідей озық цифр-

лық технологиялар дамыған уақытта аталған жаңашылдық ерекше маңызға ие.

Халық қалаулылары бұл корпусстың қаншалықты тиімді жұмыс істейтіндігін және ұлттық сөз қорын құрумен кім айналысатындығын білгісі келді. Олардың сауалына жауап беру барысында Ғылым және жоғары білім вице-министрі Ахмет-Заки Дархан Жұмаханұлының сөзінен түйгеніміз, 3-4 жылдан бері Ұлттық тіл корпусы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты аясында қалыптастырылып жатыр екен. Оған қажетті қаржы да бөлінген. Соның арқасында бүгінде 120 миллионнан астам сөз қолданысқа енгізіліпті. Бұл ретте қазақ тілінің бүкіл орфографиялық ережелері ескерілді. Сондықтан Ұлттық сөз корпусы еліміздегі ең таза әдеби тұрғыда қалыптасқан сөздік қоры деп есептеледі.

Келесі қадам ұлттық тілдің нейрондық моделін құру. Бұл қалыптасқан сөздік қордағы жиналған сөздік қорды пайдаланып, үйретуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда бұған да қаржы бөлініп, қажетті іс шаралар жүзеге асып жатыр. Игілікті іске консорциум негізінде біршама университеттер атсалысуда. Ұлттық сөз корпусының операторы осы жұмысты 3-4 жылдан бері атқарып жатқан Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы.

Ал, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі өкілінің айтуынша, қазақ тілінде жұмыс істейтін жасанды интеллекті дамыту бұл шарадағы ең негізгі қадамдардың бірі. Былтыр жылдың аяғында өзіміздің ұлттық тілдің үлкен моделі әзірленді. Осы жылдың аяғына дейін 50-ден астам жасанды интеллект көмекшілер әзірленетін болады.

Қаралған құжат бойынша сонымен қатар жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған тәлімгерлік институтын реттеу үшін «тәлімгерлік жөніндегі ұйым» ұғымы енгізіледі.

(Жалғасы 3-бетте)

2-бет



5-бет



8-бет



## ТАРАТУ

2. «ТСК Секьюрити» ЖШС (БСН 060940012096) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Көкарна көшесі, 7-үй, 1-пәтер.

3. «Объединение Производителей Зерна «Костанай-ЭКСПОРТ» ЖШС (БСН 150340021141) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, Баймагамбетова көшесі, 160-үй, 12-кеңсе.

8. «TS production» («ТС продакшн») ЖШС (БСН 110640004750) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 010000, Астана қаласы, Алматы ауданы, Қапал көшесі, 8/1 үй, Промышленный ауылы, тел. 8772287636.

9. «Феникс центр НС» ЖШС-нің Павлодар қаласындағы филиалы (БСН 010341002678) (Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 135/1 үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Кравцов көшесі, 2-үй, 13-пәтер, тел. 87172285757.

10. «Микрофинансовая организация «Жәрдем АС» ЖШС (БСН 040940001868) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсу ауылы, Жібек Жолы көшесі, 80А үй, тел. 87017426324.

11. «Ор-Авнер» Еврей этномәдениетін толығынан танытатын білім беру-оқу тәрбиелік кешені» жеке меншік білім мекемесі (БСН 990840001645) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Клочков көшесі, Жамбыл қиылысы, 28/191.

15. «А-Берік» Өндірістік кооперативі (БСН 970340007107) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қажымұқан ауылдық округі, Темірлан ауылы, Ш.Уәлиханов көшесі, 14/1 үй, пошта индексі 160050.

18. «Бекес» АӨК (БСН 231140024921) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Ақжол ауылы, О. Ердешов көшесі, 36-үй, тел. 87780739079, 87078192379.

19. «ТехноНИКОЛЬ-құрылыс жүйелері» ЖШҚ өкілдігі (БСН 221142042324) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Талғар қаласы, Амангелді көшесі, 110, тел. 87075815151.

## ӘРТҮРЛІ

16. Жарқайың ауданының «Жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, (БСН 241240002252) Жарқайың ауданының «Ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бірігу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар Ақмола облысы, Жарқайың ауданы, Державинск қаласы, Мир көшесі, 78 мекенжайында хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Байланыс телефонны: 8 (71648) 9-23-87.

### 17. Хабарландыру

#### Арнайы құқыққа жатқызылған ұлттық оператордың қызметтері арналған бағаларды талқылау бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті ұлттық оператордың арнайы құқық шеңберіндегі қызметтеріне арналған бағаларды бекіту бойынша жоғарыдағы қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Тыңдауды ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Тұран даңғылы, 89.

Қоғамдық тыңдау 2025 жылғы 17 ақпанда сағат 15:00-де ZOOM бағдарламалық қосымшасы арқылы өтеді.

3) Мемлекеттік монополия субъектісінің атауы: «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС.

4) Талқыланатын қызмет түрлері/жұмыстар: «Транзит» ақпараттық жүйесі арқылы навигациялық пломбаларды пайдалана отырып тасымалдарды бақылау бойынша қызметтер көрсету.

5) Үкілетті мемлекеттік органның байланыс деректері: ҚР ЦДИАӨМ АҒК мекенжайы: Астана қ., Тұран даңғылы, 89. <https://www.gov.kz/memleket/entities/kazcosmos>

Байланыс тұлғасы: А.К. Саликов +7 7172 64 75 26;  
6) Арнайы құқық субъектілері өкілдерінің байланыс деректері: «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС, Алматы қаласы, Кисловодская көшесі, 34, 050061. Тел.: +7 (727) 221-77-95, e-mail: info@istt.kz.

Байланыс тұлғалары: Р.А. Қалиева +7 727 221 77 95 (ішкі 301).  
Д.О. Қоздарбекова +7 708 822 51 04  
\*(Қосылу сілтемесін алу бойынша сұрақтар үшін байланыс тұлғаларына хабарласыңыз).

20. «Ломбард Верный» ЖШС (БСН 160140011585) микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген лицензияны өз еркімен тоқтатуға ниетті екенін хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 110. Тел: 87717097619.

21. «Global-Invest company» ЖШС (БСН 140140011928) «Bau Vision» ЖШС-не (БСН 250140024289) қосылу арқылы өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар Астана қаласы, Алматы ауданы, А. Байтұрсынұлы көшесі, 16-үй, н. т. 35 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Тел: 87471110591.

22. «Company Stroy Opt» ЖШС (БСН 040540024864) «Arian Qurylus Astana» ЖШС-не (БСН 250140024398) қосылу арқылы өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, А.Байтұрсынұлы көшесі, 16-үй, н. т. 35. Тел: 87077567999.

23. «Баянауыл ауданы экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 060140004610) «Баянауыл ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесін бөліп шығару жолымен өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Қайта ұйымдастыруға байланысты «Баянауыл ауданы экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталатын болады. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар облысы Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, Сатпаев көшесі, 34-ғимарат.

24. «Баянауыл ауданы экономиканың нақты сектор бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 060140004630) «Баянауыл ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесін бөліп шығару жолымен өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Қайта ұйымдастыруға байланысты «Баянауыл ауданы экономиканың нақты сектор бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Баянауыл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол-ауылдар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталатын болады. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, Сатбаев көшесі, 49-ғимарат.

27. «Mega Center Plus (Mega Центр Плюс)» акционерлік қоғамы (БСН 111 140 019 514) «Mega Center Plus (Mega Центр Плюс)» жауапкершілігі шектеулі серіктестікке айналу арқылы өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 247А, электрондық пошта: office\_mca@megacenter.kz, телефон: 2322505 (ішкі 5110).

### 28. БАҢДЫРМА ОТБАСЫ ІСТЕРІ СОТЫНЫҢ ШЕШІМІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

НЕГІЗГІ № : 2021/725  
ШЕШІМ № : 2024/213

Біздің сотымызда қаралып жатқан некені бұзу туралы сот ісі бойынша ашық сот отырысының нәтижесінде берілген 20.02.2024 жылғы 2024/213 негізгі санды және 2021/725 шешім санды қаулысы негізінде;

1 - Арызды қабылдаумен; Қызылжаөрен ауданы, Баназ ауданы, Ушак провинциясында тіркелген, реттік нөмірі 34, отбасылық нөмірі 24, жеке нөмірі 30, Саадеттин мен Ханымның ұлы, 15.10.1968 жылы Баназ қаласында туған, Түркия Республикасы жеке сәйкестендіру нөмірі 68452149920 Талапкер ФЕРХАТ ОЛМЕЗ және Ресей Федерациясының азаматы, әкесінің аты Никола Семенович, анасының аты Галина Владимировна, 09.10.1976 жылы Қазақстанда туған ИРИНА АНДРЕЕВА ОЛМЕЗ-дің Түркия Республикасы Азаматтық кодексінің 166/1 бабына сәйкес ажырасуы, 2 – Өндірілуге тиіс 427,60 түрік лирасы шешімі мен сот үкімі алымынан алдын ала өндірілген 53,30 түрік лирасының алымының алынуы нәтижесінде қалған 368,30 түрік лирасы шешім мен сот үкімі бажының жауапкерден өндіріп алу және мемлекет қазынасына кіріс ретінде есепке алу; 3 – Барлығы 4423,44 түрік лирасы + 128 АҚШ доллары (АҚШ доллары) сот шығындары, соның ішінде Талапкер төлеген 59,30 түрік лирасы сотқа өтініш беру жарнасы, 59,30 түрік лирасы шешім мен хабарлама алымы және 4,304,84 түрік лирасы корреспонденция, хабарлама және сарапшылық шығындар және халықаралық хабарлама алымы болып табылатын 128 АҚШ долларын жауапкерден өндіріп алу және талапкерге төлеу; - Талапкер төлеген және жұмсалмаған шығыс авансын шешім заңды күшіне енген кезде талапкерге қайтару; 4 – Талапкер іс бойынша құқық қорғаушысының қызметін қолданғандықтан, шешім шығарылған күні қолданыста болатын адвокаттық төлемнің ең төменгі мөлшерлемесіне сәйкес, жауапкерден 17.900 түрік лирасы біржолғы өтемақы өндіріліп, талапкерге төленуі туралы шешім қабылданды.

Бұл шешім талапкердің қорғаушысының қатысуымен және жауапкердің қатысуысыз жарияланды, шешімге дәлелді шешімді хабарлаған күннен бастап екі апта ішінде біздің сотқа арыз беру арқылы Бурса облыстық сотына шағымдануға болады, осы шешім сотталушы Ирина Андреева Олмезге хабарламаның орнына осы хабарландыру жарияланған күннен кейін 15 күн өткен соң жіберілді деп есептеледі. 25.06.2024 жыл.

Қазақстан Республикасы Әскери сотының төрағасы, Судьялар одағының филиалы және Әскери соты департаментінің ұжымы Фазиз Болатұлы Сақаловқа анасы

#### Венера Рысбекқызы Сақалованың

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарының ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## Баспасөз – 2025

## Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

## Жазылу индекстері:

## «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,  
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanzreklama@mail.ru

## МҰРАГЕРЛІК

4. 2024 жылдың 22 қарашасында қайтыс болған Кенбаева Лейла Ельжасовнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ж.С.Абуоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Астана қаласы, Р.Қошқарбаев даңғылы, 37-үй, Н.П.192.

5. 2024 жылдың 2 тамызында қайтыс болған Билицов Қурманалы Артықбаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.П.Саржановаға келулеріңіз керек. Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент ауылы, Қожанов көшесі, 4/7. Тел. 87754450675.

6. 2025 жылдың 16 қаңтарында қайтыс болған Баудагерова Алмагуль Сурабалиевнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер төмендегі мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, 415 ғимарат, 210-211-кабинет, нотариус Е.Б.Бекқожаевқа хабарлассын. Тел. 87071624991, 87781624993.

7. 2015 жылдың 7 қазанында қайтыс болған Латипов Алиби Оразовичтің (21.12.1989 жылы туылған) артынан мұрагерлік іс ашылды. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал ша/а, 1/2 үй, 20-ке хабарласуыңызды сұрайды.

12. 2024 жылдың 3 қарашасында қайтыс болған Еременко Александр Николаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз, мекенжайы: Атырау қаласы, Авангард-3 шағын ауданы, 75-үй, 5-кеңсе.

13. 2025 жылдың 5 қаңтарында қайтыс болған Есбергенев Қайрат Қайруллаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз, мекенжайы: Атырау қаласы, Авангард-3 шағын ауданы, 75-үй, 5-кеңсе.

14. 2024 жылдың 30 желтоқсанында қайтыс болған Ушенина Людмила Константиновнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз, мекенжайы: Атырау қаласы, Авангард-3 шағын ауданы, 75-үй, 5-кеңсе.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі және Қазақстан Республикасы Әскери сотының судьясы Сақалов Фазиз Болатұлына анасы

#### Венера Рысбекқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоғұл көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,  
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Алматы қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Релама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ҚО Аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру), Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.